

2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 ақпандағы № 36 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 наурызда № 5744 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі № 192 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 14.09.2017 № 192 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және “Білім туралы” Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жалағаш ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Ж.Тажмахановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданы әкімінің міндетін атқарушы

А. Дәрібаев

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 22 ақпандағы
№36 қаулысына қосымша

Жалағаш ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері.

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны			
		Мектеп жанындағы толық	Мектеп жанындағы жарты		

	әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Балабақша	к ү н д і к шағын-орталықтар	к ү н д і к шағын-орталықтар	Дербес толық к ү н д і к шағын-орталықтар	Дербес жарты к ү н д і к шағын-орталықтар	]
1	Жалағаш ауданы	945	300	0	0	0	:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК